



# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Постструктурализм





**Дәрістің мақсаты:** Структурализмнің Постструктурализмге өту процесі, жаңа постструктуралисттік ілімнің пайда болу тарихы жайлы ақпарат беру. Оның негізгі өкілдерінің көзқарастары мен еңбектерімен танысу және ол еңбектердің қоғамға ықпалын зерделеу.

**Кілт сөздер:** структурализм, постструктурализм, философия, ағартушылық, сана, ақыл-ой, ессіздік, рационалдылық, тіл, мағына, қоғам, психиатрия, т.б.

## Кіріспе

Сіздердің назарларыңызға Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы: Антология» атты кітабы негізінде әзірленген курс ұсынылады. Аталған еңбек әдебиет теориясының динамикалық аймағын құрайтын формализмнен бастап, постструктурализм, психоанализ, постколониализмге дейінгі мектептер мен олардың негізгі ұстанымдары жайлы барлық мәліметтерді ұсынады.

Алдымен, кітап авторлары жайлы айта кетейік. Джулия Ривкин – АҚШ-тың, Коннектикут Колледжінің профессоры. Негізгі зерттеу тақырыптары америка әдебиеті, заманауи жазушы әйелдердің еңбектері мен әдебиет теориясы.

Майкл Райан – АҚШ, Темпл университеті кино және медиа-өнер саласының профессоры. Бірнеше кітаптың, екі романның әрі «Саясат және мәдениет» журналының тең құқылы авторы. Ол, сондай-ақ, Джули Ривкинмен бірге «Әдебиет теориясы: Антология» [1] атты кітап жазды. Аталған еңбек үш рет басылып шықты.

Бұл курста сіздер Франция, Ұлыбритания және АҚШ ғалымдарының теориялық-эстетикалық, философиялық, әдеби-сын еңбектері мен зерттеулері негізінде постструктурализм, психоанализ және психология саласының қалыптасу, даму жолдарымен және олардың белді өкілдері: Фридрих Ницше, Жак Деррида, Жил Делезе, Зигмунд Фрейд, т.б. еңбектерімен танысасыздар.

Біздің алғашқы дәрісіміз постструктурализмнің пайда болу тарихы, дамуы және оның басты өкілдері жайлы болмақ.

## Алғашқы қадам

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер структурализмнің дағдарысына алып келді және оның заңды мұрагері ретінде постструктурализм дамығанын атап өту керек. Постструктурализм – сынмен және структурализмді еңсерумен байланысты 1960–1980 жылдардағы философия мен әлеуметтік гуманитарлық таным тәсілдерінің көпшілігіне ортақ атау. Оның негізгі бағыттары: құрылымдағы «құрылымдық еместердің» бәрін пайымдау, тілдік құрылымдар көмегімен адам мен қоғамды тану кезінде пайда болатын қарама-қайшылықтарды ашу, лингвистикалық редукционизмді болдырмау, постструктурализмді оқудың жаңа тәсілдерін құру болды. Жалпы постструктурализм идеялары структурализмнің қойнауында пайда болды. Нақты пайда болған уақытын белгілеу мүмкін емес. Зерттеуші И. Ильин атап көрсеткендей, постструктурализм «өнер мен әдебиеттегі, жалпы мәдениеттегі өзгерістерге рефлексия еді».

Постструктурализм жайлы айтпас бұрын, оның бастауы болған структурализмге тоқталып өтейік.

Жалпы, структурализм дегеніміз (лат. *structura* – құрылым, орналасу, рет) – мәдениетті жете түсінудің нақты ғылыми және философиялық әдіснамасы. Структурализмнің ерекшеліктері құрылымдық тәсілді, модельдеуді, семиотика элементтерін пайдалануда жатыр. Оның зерттеу нысаны – белгілер жүйесінен құрастырылған мәдениет, яғни: тіл, ғылым, өнер, мифология, салт-дәстүр, сән, жарнама және т.б. Структурализмнің негізгі өкілдері, атап айтатын болсақ, антрополог Клод Леви-Стросс, әдебиет сыншысы Роланд Барт, марксист философ Луи Альтюссер. Структурализм өзара ұқсас жүйелердегі кез келген дүниеден белгілі бір тәртіпті көру үшін лингвистикаға жүгінеді.



Ал оның ізін жалғастырушы постструктурализм бұл тәртіптің бәрі тілге тән эндемикалық тәртіпсіздікке негізделгенін және әлем ешқашан да өзіне мағына бере алатын құрылым мен семантикалық кодтардың ешқайсысымен игерілмейтінін көрсетеді. Структурализм 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында Францияның зияткерлік өмірінде үстемдік етті. Бірақ ол үстемдік етіп тұрған кездің өзінде, 1960 жылдардың басынан бастап, бұл жүйеге деген қызығушылыққа қарағанда, оны жоюға және оларда бар күш пен мүмкіндіктерді, басқа жаңаша қоғам құру үшін жұмсауға бағытталған қарсы қозғалыстар басталды.

Структурализмнің тұрақты құрылымдардың әмбебаптығы мен мәңгілігіне дәйек болған сипаттамасы, өзінің негізгі қайраткерлерінің солшыл саяси ұстанымына қарамастан, әдістемелік тұрғыда консервативті болып қала берсе, постструктурализм саналы түрде радикалды болар еді; рационалды ойдың әлемді сипаттайтын дәстүрлі әдістеріне күдікпен қарап, оларды ойынға айналдырар еді. Егер структуралистер белгілерді мінсіз тәртіптің, тарих пен уақыттан тыс қалған формалардың ұқсастығынан туындайтын код пен мағыналардың трансэмпирикалық әлемге ашылған жолы ретінде қараса, постструктуралистер, мұндай талап-тәртіпті билік пен әлеуметтік бақылаудың стратегияларын түсінбеу, елемей деп жариялады. Сонымен қатар, постструктуралистер белгілерден бас тартатын уақыт келді деп түсінді.

### Постструктурализмнің пайда болуы

1960 жылдардың басында пайда болған бұл тұжырымдар кейіннен постструктурализм деген атауды иеленді және ол неміс ойшылы Фридрих Ницшенің ықпалымен тікелей байланысты. Жас француз философтары үшін ойшылдың басты ерекшелігі – оның объективті сипаттаудың ұтымды дәстүрінен де, сондай-ақ, идеалист дәстүрден де бас тартуында еді. Структурализмге қарсы тағы бір маңызды ықпал еткен адам – 1940 жылдан бастап Францияда аса үлкен беделге ие болған неміс ойшылы Мартин Хайдеггер еді. Бұдан бөлек, Жан-Поль Сартрдың «Болмыс және бейболмыс» атты еңбектерінен де бұл ықпалды анық байқаймыз. Оның бұл кітабын постструктурализмнің бастауы деуге де болады, тіпті, Жак Деррида сияқты постструктуралист ойшылдардың басты түсініктерінің біріне айналатын тақырыптарды дамытты.

Ал Мишель Фуко *Madness and Unreasonableness*, қазақша баламасы «Мақсатсыздық және ақылсыздық» атты еңбегінде, классикалық негіздеу – балама, «ақылға сыймайтын» ойлардан бас тарту мен оларды «ессіздік» деп қабылдаудың негізінде қалыптасқанын атап өтіп, француз дүниетанымында жаңа процеске жол ашты.

Бұрын мистик ретінде қабылданған адамдар, күтпеген жерден қамауға алынды және бұл өзгерістер ақыл-ойды ағартушылық дәуірінің жетекші категориясы ретінде қабылдауымен байланысты еді. Ақыл-ой, пайдалылық пен тиімділікті есептеу, объектілер мен адамдарға анықтама беру, оларды категорияларға жіктеу және бақылауға рұқсат беру арқылы жаңадан бас көтеріп келе жатқан капитализмге қолдау көрсетті.

### Постструктурализмдегі жаңашылдық идеялар

Тағы бір ерте кезеңдегі Постструктуралистік бағытты насихаттайтын ауқымды еңбектердің бірі – Жиль Делёздің «Ницше және философия» атты еңбегі болып табылады. Бұл еңбек Ницшенің екі нәрсені, яғни білімнің рационалды идеалдан қиыс кеткенін және христиан өркениетінің не нәрсеге де рухани мағына беруге талпынысын ащы сынға алғанына назар аударды. Материалды әлем дегеніміз – рух, не мағына жасырылған дүние емес, ол ымыраға келмейтін күштердің тартысы. Ол «субъект» не «объект», «ерік» не «шындық» сияқты ұтымды категорияларды пайдалану арқылы түсіндірілмейді, өйткені, категориялардың барлығы «жалған айтады». Түрлі ағыстағы күштер әлемін категориялар әлемге еш қатысы жоқ дүниелерге, тұрақты бірізділікке айналдырып жібереді. Біздің барлық ойлауымыз – құр қиял/жоқтан бар жасау; жаратылыстың туа бітті тұрақсыздығын тұрақтылыққа алмастыратын метафоралар түзу; ешқандай рухани мәні жоқ және түбінде идеалдарға – әділдік пен шындық, күнә мен өтем сияқты идеяларға аударылмайтын материалды дүниенің әрдайым қайталанатын бірдейлігіне мағына беру.



Ницшенің идеалындағы философ-суретшілер, бұл жағдайлардың бәрін қабылдауды үйренеді, заттарға мән-мағына беруден бас тартады, санаттарға жіктеуден аулақ болады, барлық ойлау жүйеміздің негізсіздігін қабылдайды, өзін дүние ағысына тастап, онымен бірге шаттануды үйренеді.

Делёз кітабының жаңашылдығы сонда, ол осыған дейін мән берілмей келген, Ницшенің структурализмнің үш негізгі пайымын сынға алу себептерін түсіндіріп береді. Бірінші пайым: тануға болатын құрылымдар эмпирикалық оқиғалардың негізінде жататындығы жайлы түсінік. Екіншісі пайым: білім – дәлелдеуді қажет етпейтін рәсімдерге негізделеді деген сенім, және үшіншісі болмыс радикалды сипаттағы тәртіпке бағынбайтын күштердің ойыны, не кездейсоқ оқиғалар легі, болмаса мағынасыз іс-шаралар, не логикалық бірізділік емес деген сенім. Бұл жаңа есіктің ашылғаны сияқты еді. Структуралистердің кез келген жерден тәртіпті көруге тырысуы, дүниені тәртіп пен тілдер негізінде түсінуге болатын санаттарға жіктеуге деген ынтасы, бұған дейінгі қалыптасқан жүйеге балама болады. Алайда ол баламаның бір сәтке ескерілмеуі де ықтимал еді. Структурализм әлі де жоғарғы сананың үні мен стилі ретінде үстемдік құрумен келеді. Тәртіп, мағына, санатқа жіктеу, грамматика, логика, т.б. осының бәрі француз интеллектуалдық пікірталасының негізгі тақырыптары ретінде ғылыми айналымда қала берді.

Бұл жағдай 1966 жылы Мишель Фуконың келесі бір еңбегі «Сөздер мен заттар» атты кітабының жариялануымен өзгеріп сала берді. Фуконың стилі енді Структуралистік ағымға бейімделіп, рационализмді тарихи тұрғыда қарастырып, оның қалай пайда болып, уақытпен бірге қалай өзгеретінін зерттеді.

Сананың «классикалық дәуірде», яғни XVII ғасырдан XVIII ғасырға дейін ойлап шығарылуы сөздер мен заттардың аражігін ажыратты. Сонымен қатар, тілді өзге жекелеген нысандардан ерекшеленетін, анықтауға және тиісті атаулар беруге болатын нысандар ретінде қабылдаудың құралына айналдырды. Осыдан бастап сана Фуконың пайымынша, XVIII ғасырдың классификациялық жіктелуінен XIX ғасырдың пайдалылық, оңтайлылық, яки функционалдылық санаға айналды. Фуконың пайымынша, XVIII ғасырдың классификациялық жіктелуі XVII ғасырға дейінгі өзіне тиесілі айқын белгілерімен және бөліктердің ұқсастығымен сипатталып, танылған әлемге ұласты. Уақыт өте ұтымды сарапталып, игерілген бөліктері бір-біріне функционалды бағынышты болып, жалпы әлемге жол береді. Ал, бұл тәртіп қоғамның айырбас жүйесін, заттар мен адамдардың немесе ақшаның және адам еңбегінің айырмашылықтары мен теңестірілуін, тиімді әдістерге айналу тәртібін жүзеге асыруға бағытталды. Білім стратегиялары мен капитализация стратегиялары тең дәрежеде қатар жүреді.

Фуконың кітабы Жак Дерридадан Жан Бодрийярға дейінгі өзге постструктуралист ойшылдардың еңбектерінде қайта талқыланатын тақырыптарды белгілеп берді. Олардың ортақ ұмтылыстарындағы ең маңызды идея – бәлкім, тіл мен әлем әлі ажыратылмаған ілгеріректегі әлдебір ғалам бар деген түсінік болуы мүмкін. Бұл – ұтымды, білімді мағынаға теңестіруді көздейтін, білушіні әлемнен, әлемді заттан, мағына жасаушыны мағына жасаушыдан бөлектейтін жіктеу әлі пайда болмаған әлем.

Фуконың жаңашыл еңбегі француз психоанализі, әдебиеті мен саясатында қатар жүріп жатқан өзгерістермен сәйкес келді.

## Психоанализдің постструктурализмдегі рөлі

Француздың зияткерлік өмірінде Психоанализ 1960 жылдардан бұрын да бар болатын, бірақ 1966 жылы Жак Лакан өзінің магистрлік жазбаларын *Ecrits (Writings)* жариялаған кезде, ол Постструктурализмнің дамуында ерекше рөл атқара бастады. Тіл бұдан былай психологияның көрінісі ретінде қабылданбады, керісінше, Лакан үшін тіл – психологияны немесе өзін-өзі тану құралы болды. Шамамен, сол 1960 жылдардың ортасында ағылшын тілді әлемнен келген ессіздіктің балама теориялары француз дүниетанымына ықпал ете бастады. Купер мен Лэйнгтің антипсихиатриясы шизофренияны танымның әлеуеті жоғары не күрделірек жолы ретінде жағымды жағынан қайта қарады және қалыптылықтың өзі ауытқу деген ой айтты. Дегенмен шизофренияға қатысты балама ой француз интеллектуалдық өмірінде 1930 жылдардың



сюрреалистік қозғалысынан бері бар болатын. 1930–1940 жылдардың жазушылары Жорж Батай мен Антонин Артоның еңбектері 1960 жылдардың ортасында қайта орала бастады. Олардың еңбектерімен дәріс соңында көрсетілген сілтемелер арқылы танысуларыңызға болады.

Постструктуралистер Ж. Лакан, Ж. Деррида, М. Фуко, Р. Барт, Ю. Кристева, Ж. Делёз, Ф. Гваттари, т.б. ғалымдардың өз көзқарастарын түсіндіруде көбіне әдеби материалдарды пайдалануы – деконструктивизм құбылысын тудырды. Осылайша, әдебиеттану теориясында тар мағынада деконструктивизм, яғни әдебиет теориясы немесе көркем шығармаларды талдау деген түсінік пайда болды.

Постструктурализм сан алуан мәдени дәстүрлердің өзара белсенді шығармашылығының нәтижесі. Постструктурализм ретінде пайда болған ілімдер біртіндеп постмодерндік философия деп танылды. Францияда бастау алған ілімдер әлемге, оның ішінде АҚШ-та кеңінен тарай бастады. Себебі постструктурализм постмодерн қоғамның өзіндік ділін саралай алатын тұжырым ретінде қабылдана бастады.

Жалпы алғанда, аталған философиялық ілімдер, әрқайсысы өз қағидалары тұрғысынан заманымыздың күрделі проблемаларын шешу жолдарын қарастырып, іргелі мәселелерді көтеріп, қазіргі кездегі ғылымдар қолданып отырған жаңа тәсілдерді ұсынып, философия тарихында өзіндік із қалдырып отырған дүниетанымдық көзқарастар.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Структурализмнің құлдырауының басты себептері неде?
2. Постструктурализм ағымының негізін қалаушы ғалымдар кімдер?
3. Постструктурализмнің қалыптасуындағы Ницшенің ықпалы қандай болды?
4. Жиль Делёз бен Мишель Фуконың жаңашылдық идеялары туралы не айтасың?
5. Психоанализдің постструктурализмнің дамуындағы рөлі қандай?

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, *Literary Theory: A Practical Introduction* (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. Постструктурализм туралы мәлімет <https://rel.kz/poststrukturalizm-turaly-m-limet/>.
3. Батай Ж. *Литература и зло/La Littérature et le Mal* 1957, рус. перевод 1994.
4. A crucial, much-discussed book in this regard is Marcel Mauss's *The Gift*.
5. Ильин Илья, *Постструктурализм, Деконструктивизм, Постмодернизм*. Москва: Интрада, 1996.
6. И.В. Кабанова. *Современная литературная теория. Антология*. Москва, «Флинта», 2004.